

Бұйрық № 58

29.08.2024

«2024–2025 оқу жылына педагогикалық кеңес құрамын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі ұйым Жарғысына сәйкес оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру, педагогтердің кәсіби қызметін үйлестіру, білім беру қызметінің тиімділігін арттыру, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуын қамтамасыз ету және педагогикалық кеңестің жұмысын жүйелі жүргізу мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024–2025 оқу жылына арналған педагогикалық кеңестің келесі құрамы бекітілсін:

Педагогикалық кеңестің төрағасы:

Г.К.Мухамбеткалиева – бөбекжай меңгерушісі.

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

К.Н.Иманғалиева-педагог-психолог

Педагогикалық кеңестің мүшелері:

Бөбекжай педагог қызметкерлері.

2. Педагогикалық кеңестің негізгі міндеттері:

2.1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарының орындалуын қамтамасыз ету.

2.2. Ұйымның жылдық жоспарын, білім беру бағдарламаларын, жұмыс жоспарларын қарау және бекітуге ұсыну.

2.3. Тәрбие-білім беру процесінің сапасына талдау жүргізу және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

2.4. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу мәселелерін қарастыру.

2.5. Балалардың білім, білік және дағдыларын қалыптастыру нәтижелерін талдау.

2.6. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту, қауіпсіз орта құру мәселелерін қарастыру.

2.7. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) өзара іс-қимылды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

2.8. Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жинақтау және тарату жұмыстарын ұйымдастыру.

3. Педагогикалық кеңестің жұмыс тәртібі:

- 3.1. Педагогикалық кеңес жылдық жоспарға сәйкес өз жұмысын жүргізсін.
- 3.2. Педагогикалық кеңестің отырыстары тоқсанына кемінде бір рет өткізілсін.
- 3.3. Қажет болған жағдайда кезектен тыс педагогикалық кеңес отырыстары ұйымдастырылсын.
- 3.4. Педагогикалық кеңестің шешімдері хаттамамен рәсімделіп, орындауға міндетті болып саналсын.
- 3.5. Педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамаларын жүргізу және сақтау педагогикалық кеңес хатшысына жүктелсін.
- 4. Педагогикалық кеңес хатшысына:**
 - 4.1. Педагогикалық кеңес отырыстарының күн тәртібін әзірлеуді;
 - 4.2. Хаттамалардың уақытылы рәсімделуін;
 - 4.3. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау мониторингін жүргізуді қамтамасыз ету тапсырылсын.
- 5. Әдіскерге:**
 - 5.1. Педагогикалық кеңес жұмысының жылдық жоспарын әзірлеуді;
 - 5.2. Қаралатын мәселелер бойынша қажетті материалдарды дайындауды;
 - 5.3. Педагогтердің әдістемелік қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету жүктелсін.
- 6. Педагогикалық кеңестің барлық мүшелері:**
 - 6.1. Кеңес жұмысына белсенді қатыссын;
 - 6.2. Қабылданған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етсін;
 - 6.3. Өз құзыреті шегінде оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізісін.
- 7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме жүктелсін.**
- 8. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.**

«Ақниет+» жеке бөбекжай- балабақша
меңгерушісі: **Г.К.Мухамбеткалиева**





«Ақниет+» жеке бөбекжай- балабақшасының 2024-2025 оқу жылына педагогикалық кеңес жоспары

Мақсаты: бағдарламалық міндеттерді меңгеру бойынша оқу-тәрбие әрекетін жақсартуға мүмкіндік жасау.

№1 педагогикалық кеңес

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
	Тақырыбы: «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: жаңартылған мазмұны және енгізу алгоритмі» Мақсаты: 2024-2025 оқу жылына топтардың, педагогтардың дайындығы, Биылғы жылғы алға қойған мақсат, міндеттерді айқындау. Жылдық жұмыс жоспарын талдау, бекіту. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары бойынша педагогтардың есебін тыңдау. Тамыз кеңесінде айтылған ой-пікірлерді, стандартқа енгізілген өзгерістерді саралау.		
1	-Топтардың 2024-2025 оқу жылына дайындығы, күн тәртібі, жылдық жоспарымен, жаңа жылдық міндеттермен таныстыру, бекіту. 2024 – 2025 оқу жылының жылдық жоспарымен, жаңа жылдық міндеттермен таныстыру, бекіту. -Жағы сауықтыру-шынықтыру жұмыс жоспарын қорытындылау. -Аттестатау комиссиясы отырысының шешімі мен біліктілік санатын беру рәсімін талқылау. -Жаңа оқу жылына топтардың әзірлігіне талдау. - «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: жаңартылған мазмұны және енгізу алгоритмімен» ақпараттық түсіндіру.	тамыз	Меңгеруші Әдіскер МдҰ педагогтары
2	2024-2025 жаңа оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатпен және стандартқа сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нормативті-құқықтық құжаттар туралы толық		

	түсіндіру		
3.	Бекіту: -Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектеп дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бекіту. -Топтардың перспективалық жылдық жоспары. -пән бойынша жылдық перспективалық жоспарлар Аттестаттау ережесімен таныстыру, педагогикалық кеңес, меңгеруші жанындағы кеңес ережесімен, комиссияның құрамымен таныстыру. «Педагог-модератор» біліктілік санатын беру. Жас мамандарға тәлімгер бекіту. Педкеңес шешімі.		
2	Тақырыбы:«Мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру және ерекшеліктері» Мақсаты:салауатты өмір салтын дамытуда қимыл-қозғалысқа арналған жаттығу түрлерін тиімді ұйымдастыру. 1. №1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы 2. «Мектеп жасына дейінгі балалармен денсаулық сақтау технологияларының тиімділігі және дәстүрлі емес әдістерді қолдану» әдістемелік кеңес -«Алдар көсенің қызықты тапсырмалары» спорттық іс шара -«Чемпион гномдар» денсаулық шарасы. -«Бар жақсылық балаларға» отбасымен жұмыс 3. «Балалардың қозғалыс қызметін ұйымдастыру» тақырыптық бақылауының қорытындысы . 4.«Ұлттық ойындарды бала жасына сай таңдау және ұйымдастыру» педагогикалық шеберлік-кеңес Педкеңес шешімі.	қараша	Меңгеруші, әдіскер, МдҰ педагогтары Тәрбиеші Тәрбиешілер, пән мұғалімдері
3	Тақырыбы: «Ұлттық құндылықтарды білім-тәрбие үрдісінде қалыптастыру»	қаңтар	Меңгеруші, әдіскер.

	Мақсаты:қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру. 1. №2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы 2. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы» презентация қорғау» «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» ашық ҰОІӨ «Отбасы- тәрбие ұясы» шара «Дос іздеген бота» сахналық қойылым Педкеңес шешімі.		МдҰ педагогтары Тәрбиеші
4	Тақырыбы: "Кәсіби шеберлер» іскерлік ойын Мақсаты: Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру, шығармашылық әлеуетін шыңдау және еңбегін ынталандыру. Озық педагогикалық тәжірибелерді ортаға салу және заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеру. 1. №3 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы - «Ұшқыр ойлы белсенді педагог» квес ойыны - «Музыкалық ринг»фестиваль - «Жаңа формация педагогі» жәрмеңке «Бір тұтас тәрбие бағдарламасының түйінді идеясы» кеңес	наурыз	Меңгеруші, әдіскер, МдҰ педагогтары Тәрбиеші Музыка жетекшісі Әдіскер
5	Тақырыбы:«2024-2025 оқу жылы жүргізілген тәрбие мен оқыту жұмыстарының қорытынды талдауы. Мақсаты: мамандардың, тәрбиешілердің жыл бойына атқарған жұмыстарының есебін тыңдау, талдау. Тәрбие және оқыту жұмысының шешіміне баға беру, жетістіктер мен шешілмеген мәселелерді анықтау. 1. №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы 2. "Біздің жетістіктеріміз туралы" 3."Диагностика нәтижелерін қолдана отырып, балалардың бір жылдағы жетістіктері туралы" 4.«Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі	мамыр	Меңгеруші, әдіскер, МдҰ педагогтары.

	тәрбие мен тәрбие үдерісіне өзіндік талдау» 5."Сиқырлы чемодан іздеуде" педагогтерді психологиялық тренинг 6. «Жаз, сәлем!" жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын , оқу кестесін,күн тәртібін бекіту", 7.2025-2026 оқу жылында аттестатталатын педагог қызметкерлерінің тізімін бекіту. 8. 2024-2025 оқу жылындағы эксперименттік алаң жұмысының қорытынды есебі "Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы, оны бекіту, толықтырулар.		
--	--	--	--

№1 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өтікізілгенкүні: «29» тамыз 2024жыл

Қатысқандар: 8 педагог

Тақырыбы: «Бір тұтас тәрбие бағдарламасы: жаңартылған мазмұны және енгізу алгоритмі»

Мақсаты: 2024-2025 оқу жылына топтардың, педагогтардың дайындығы, Биылғы жылғы алға қойған мақсат, міндеттерді айқындау. Жылдық жұмыс жоспарын талдау, бекіту. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары бойынша педагогтардың есебін тыңдау. Тамыз кеңесінде айтылған ой-пікірлерді, стандартқа енгізілген өзгерістерді саралау.

Күн тәртібінде:

1.«Бір тұтас тәрбие бағдарламасы: жаңартылған мазмұны және енгізу алгоритмі» бойынша ақпараттық түсіндіру жұмысы. *(Баяндамашы: Әдіскер Б.Б.Нуржанова)*

2. 2024-2025 жаңа оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатпен және стандартқа сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нормативтік-құқықтық құжаттар туралы түсіндіру. *(Баяндамашы: Меңгеруші/ Г.К.Мухамбеткалиева)*

3.Жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыс жоспарының қорытындысы және педагогтардың есептерін тыңдау. Жаңа оқу жылына топтардың әзірлігіне талдау жасау (күн тәртібі, көрнекіліктер, дамытушы орта).

4.2024–2025 оқу жылының жылдық жоспарымен, жаңа оқу жылының міндеттерімен таныстыру және бекіту.

5. Нормативтік құжаттарды бекіту:

-Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесін бекіту.

-Топтардың перспективалық жылдық жоспарлары мен пәндер бойынша жылдық перспективалық жоспарларды бекіту.

6.Аттестаттау ережесімен, педагогикалық кеңес, меңгеруші жанындағы кеңес ережелерімен және комиссия құрамымен таныстыру. Аттестаттау комиссиясы отырысының шешімі мен «Педагог-модератор» біліктілік санатын беру рәсімін талқылау.

7. жас мамандарға тәлімгерлер бекіту.

I. Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша: Балабақша әдіскері (Б.Б.Нуржанова сөз алып, «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» жаңартылған мазмұнына тоқталды. Ол бағдарламаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға (ар-ұят, талап, қанағат және т.б.) негізделгенін, тәрбие үдерісін балабақша мен отбасы бірлесе отырып жүзеге асыруы керектігін айтты. Бағдарламаны топтарға енгізу алгоритмі кезең-кезеңімен түсіндірілді.

2. Екінші мәселе бойынша: Балабақша меңгерушісі (Г.К.Мухамбекталиева) 2024-2025 жаңа оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқаулық хаттың талаптарын таныстырды. Мемлекеттік стандартқа енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды, балалардың қауіпсіздігі мен дамуын қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық нормативтерді түсіндірді. Тамыз кеңесінде айтылған негізгі бағыттарды жұмыс барысында басшылыққа алуды тапсырды.

3. Үшінші мәселе бойынша: Топ тәрбиешілері өткен жазғы сауықтыру-шынықтыру кезеңінде атқарылған жұмыстар, балалардың сауығуы, таза ауадағы ойындар мен шынықтыру шаралары туралы есеп берді. Әдіскер жаңа оқу жылына топтардың әзірлігіне жасалған талдауды оқып өтті. Күн тәртібінің жасақталуы, көрнекіліктер мен дамыту ортасының талапқа сай екендігі атап өтілді.

4. Төртінші және бесінші мәселелер бойынша: Әдіскер жаңа 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарын, жаңа жылдық міндеттерді ортаға салды. Сондай-ақ Үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесін, топтардың перспективалық жылдық жоспарларын және пән мұғалімдерінің (музыка, дене шынықтыру және т.б.) жылдық жоспарларын таныстырып, бекітуге ұсынды.

5. Алтыншы мәселе бойынша: Меңгеруші: *Г.К.Мухамбеткалиева* Аттестаттаудың жаңа ережелерімен, педкеңес және меңгеруші жанындағы кеңес ережелерімен, сондай-ақ жаңа құрамдағы аттестаттау комиссиясы мүшелерімен таныстырды.

6. Жетінші мәселе бойынша: Әдіскер: *Б.Б.Нуржанова* жаңа оқу жылында мекеме базасында жұмыс істейтін іс-тәжірибе алаңының (эксперимент/инновациялық бағыт) жоспарын ұсынды. Сонымен қатар балабақшаға жаңадан келген жас мамандардың кәсіби деңгейін көтеру мақсатында оларға тәжірибелі тәрбиешілер арасынан тәлімгерлер бекіту мәселесі қаралды.

II. Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» жаңартылған мазмұны мен енгізу алгоритмі негізге алынсын және барлық топтардың тәрбие үдерісіне енгізілсін.
2. 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хат талаптары мен стандартқа енгізілген өзгерістер, нормативтік-құқықтық құжаттар барлық педагогтарға жұмыс барысында қатаң басшылыққа алынсын.
3. Жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының қорытындысы бойынша педагогтардың есептері «қанағаттанарлық» деп танылсын. Топтардың жаңа оқу жылына әзірлігі оңтайлы деп бағалансын.
4. Балабақшаның 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары, күн тәртібі және жаңа жылдық міндеттері бекітілсін.
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі, топтардың және пәндердің перспективалық жылдық жоспарлары бекітілсін.
6. Аттестаттау ережесі, педагогикалық кеңес пен меңгеруші жанындағы кеңес ережелері және комиссия құрамы мақұлдансын.
7. Жас мамандарға тәлімгерлер бекітіліп, жұмыс қарқынды жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы:

Г.К. Мухамбеткалиева

Хатшы:

К.Н.Имангалиева

№2 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өтікізілген күні: «27» қараша 2024 жыл

Қатысқандар: 11 педагог

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру және ерекшеліктері»

Мақсаты: салауатты өмір салтын дамытуда қимыл-қозғалысқа арналған жаттығу түрлерін тиімді ұйымдастыру.

Күн тәртібінде:

1. №1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалу барысы туралы.

(Баяндамашы: Әдіскер: Б.Б. Нуржанова)

1. «Мектеп жасына дейінгі балалармен денсаулық сақтау технологияларының тиімділігі және дәстүрлі емес әдістерді қолдану» әдістемелік кеңес (іс-шаралар есебі):

- «Алдар көсенің қызықты тапсырмалары» спорттық іс-шарасының қорытындысы;
- «Чемпион гномдар» денсаулық сақтау шарасының нәтижесі;
- «Бар жақсылық балаларға» отбасымен бірлескен жұмыс есебі.

(Баяндамашылар: Тәрбиешілер)

2. «Балалардың қозғалыс қызметін ұйымдастыру»

тақырыптық бақылауының қорытындысы.

(Баяндамашы: Әдіскер: Б.Б. Нуржанова)

3. «Ұлттық ойындарды бала жасына сай тандау және ұйымдастыру»

педагогикалық шеберлік-кеңес.

(Баяндамашы: Тәрбиеші: Г.Н. Губайдоллина)

I. Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша: Педкеңес хатшысы сөз алып, №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысымен таныстырды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» барлық топтардың жоспарына енгізіліп, бекітілген Үлгілік оқу жоспарына сәйкес сабақтар кестесі тұрақты жүргізіліп жатқанын, жас мамандарға тәлімгерлер бекітіліп, кәсіби қолдау көрсетіліп жатқанын хабарлады. Шешімдер толықтай мерзімінде орындалуда.

2. Екінші мәселе бойынша: Әдістемелік кеңес аясында денсаулық сақтау технологиялары мен дәстүрлі емес әдістерді (мысалы: су-мен шынықтыру, дәстүрлі емес массаж жолдары, тыныс алу жаттығулары) қолдану тиімділігі талқыланды.

-Топ тәрбиешілері **«Алдар көсенің қызықты тапсырмалары»** спорттық іс-шарасының жоғары деңгейде өткенін, балалар кейіпкермен бірге қозғалыс ойындарын қызыға орындағанын айтты.

-Кіші және ортаңғы топ тәрбиешілері **«Чемпион гномдар»** денсаулық шарасы аясында балалардың жалпы дамытушылық жаттығуларды ойын түрінде меңгергенін баяндады.

-**«Бар жақсылық балаларға»** бағыты бойынша ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, отбасындағы салауатты өмір салтын насихаттауға арналған кеңестер мен бірлескен онлайн/офлайн челленджер ұйымдастырылғаны туралы есеп берілді.

3.Үшінші мәселе бойынша: Баөбекжай әдіскері: *Б.Б.Нуржанова* **«Балалардың қозғалыс қызметін ұйымдастыру»** тақырыбында жүргізілген тақырыптық бақылаудың қорытындысын жариялады. Бақылау барысында топтардағы күн тәртібіндегі қимыл-қозғалыс белсенділігі, сергіту сәттері мен серуендегі ойындардың ұйымдастырылу деңгейі тексерілді. Қозғалыс белсенділігі жақсы деңгейде, алайда кейбір топтарда қимыл-қозғалыс ойын атрибуттарын жаңарту қажеттігі ескертілді.

4.Төртінші мәселе бойынша: Тәрбиеші: Г.Н.Губайдолина педагогикалық шеберлік-кеңес өткізіп, қазақтың ұлттық ойындарын («Орамал тастау», «Ақ серек, көк серек», «Асық ату» т.б.) балалардың жас ерекшеліктеріне қарай қалай дұрыс таңдау және бейімдеп ұйымдастыру керектігін тәжірибе жүзінде көрсетіп, әріптестерімен бөлісті.

II. Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалу барысы «жақсы» деп танылсын. Бақылау жұмыстары ары қарай жалғастырылсын.
2. Денсаулық сақтау технологияларын қолдану бойынша өткізілген «Алдар көсенің қызықты тапсырмалары», «Чемпион гномдар» спорттық және денсаулық шаралары жоғары деңгейде деп бағалансын. Тәрбие үдерісінде дәстүрлі емес шынықтыру әдістері тұрақты қолданылсын.
3. «Бар жақсылық балаларға» жобасы аясында отбасымен жүргізілетін жұмыстар жүйеленсін, ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысуы ары қарай қолдау тапсын.
4. Тақырыптық бақылау қорытындысы негізге алына отырып, топтардағы қимыл-қозғалыс ойындарының материалдық базасы мен атрибуттарын (жалаушалар, шеңберлер, кедергілер) ағымдағы жылдың соңына дейін толықтыру тәрбиешілерге тапсырылсын.
5. Балалардың ұлттық құндылықтарын дамыту мақсатында педагогикалық шеберлік-кеңесте көрсетілген ұлттық ойын түрлері күнделікті серуен мен ұйымдастырылған іс-әрекеттер жоспарына міндетті түрде енгізілсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы:



Г.К. Мухамбеткалиева

Хатшы:



К.Н.Имангалиева

№3 педагогикалық кеңес хаттамасы

Күні: «23» қаңтар 2025 жыл

Қатысқандар: 11 педагог

Тақырыбы: «Ұлттық құндылықтарды білім-тәрбие үрдісінде қалыптастыру»

Мақсаты: қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Күн тәртібінде:

1. №2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалу барысы туралы.
(Баяндамашы: Әдіскер Б.Б.Нуржанова)
2. «Бір тұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы» тақырыбында презентация қорғау және өткізілген іс-шаралардың қорытындысы:
 - «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» ашық ұйымдастырылған оқу-тәрбие іс-әрекетінің (ҰОІӨ) талдауы;
 - «Отбасы – тәрбие ұясы» ата-аналармен өткізілген шараның нәтижесі;
 - «Дос іздеген бота» сахналық қойылымының есебі.

(Баяндамашылар: *Топ тәрбиешілері: Жуматова Т.С, Елдібаева М.Е;*
Музыка жетекші: Мухтарова Н.С.)

I. Тыңдалды:

1. **Бірінші мәселе бойынша:** Педагогикалық кеңес хатшысы сөз алып, №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуымен таныстырды. Топтардағы қимыл-қозғалыс ойындарының материалдық базасы мен атрибуттары жаңартылғанын, ұлттық ойын түрлері серуен мен күнделікті іс-әрекеттер жоспарына тұрақты түрде енгізіліп, балалардың физикалық белсенділігі артқанын хабарлады. №2 хаттама бойынша шешімдер толық орындалды.
2. **Екінші мәселе бойынша:** Әдіскер: Б.Б.Нуржанова «Біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы» бағытында презентация қорғады. Ол өз сөзінде ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіруде мекемеде атқарылып жатқан жүйелі жұмыстарды көрсетті. Осы бағдарлама аясында өткен іс-шаралар талқыланды:

- «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» ашық ҰІӨ барысында балаларға адамгершілік, адалдық, ар-ұждан ұғымдары ертегілер мен инабаттылық ережелері арқылы түсіндірілгені, балалардың жақсы мен жаман әрекеттерді ажырата білу дағдылары қалыптасқаны атап өтілді.

-«Отбасы – тәрбие ұясы» шарасы аясында ата-аналармен дөңгелек үстел және тренингтер ұйымдастырылып, бала тәрбиесіндегі ұлттық салт-дәстүрлердің рөлі мен отбасы құндылықтары насихатталды.

-«Дос іздеген бота» сахналық қойылымында балалар кейіпкерлерді сомдай отырып, достық, адалдық, өзара көмек сияқты рухани қасиеттерді бойларына сіңірді. Қойылымжоғарыдеңгейдеұйымдастырылған.

II. Педагогикалық кеңес шешімі:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімдері толық және сапалы орындалды деп танылсын.
2. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» балабақшада жүзеге асырылу барысы және әдіскердің презентациялық жұмысы «жоғары деңгейде» деп бағалансын.
3. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» ашық ҰІӨ-де қолданылған адамгершілік пен парасаттылықты дамыту әдіс-тәсілдері барлық топтардың тәрбие үрдісінде кеңінен қолданылсын.
4. «Отбасы – тәрбие ұясы» шарасының қорытындысы негізінде ата-аналармен ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмыстары ары қарай жалғастырылсын, отбасы мен балабақша байланысы нығайтылсын.
5. «Дос іздеген бота» сахналық қойылымы арқылы балалардың театрландырылған іс-әрекетке деген қызығушылығын арттыру және рухани-адамгершілік тәрбие беру жұмыстары өзге топтарда да үлгі ретінде таралсын.

Педагогикалық кеңес төрағасы:

Г.К. Мухамбеткалиева

Хатшы:

К.Н.Иманғалиева

№4 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген күні: «25» наурыз 2025 жыл

Қатысқандар: 11 педагог

Тақырыбы: «Кәсіби шеберлер» іскерлік ойын

Мақсаты: педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру және еңбегін ынталандыру.

Күн тәртібінде:

1. №3 педагогикалық кеңес шешімінің орындалу барысы туралы.

(Баяндамашы: Г.К.Мухамбеткалиева)

2. «Кәсіби шеберлер» іскерлік ойыны аясында өткізілген шаралардың қорытындысы:

-«Ұшқыр ойлы белсенді педагог» квест ойынының нәтижесі;

-«Музыкалық ринг» фестивалінің қорытындысы;

-«Жаңа формация педагогі» жәрмеңкесінің есебі.

(Баяндамашылар: Абдрахманова Г.С, Мухтарова Н.С)

3. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының түйінді идеясы» тақырыбында кеңес.

(Баяндамашы: Б.Б.Нуржанова)

I. Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша: Педкеңес хатшысы сөз алып, №3 педагогикалық кеңестің шешімдері мерзімінде орындалғанын хабарлады. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясындағы ашық ҰОІӨ-лер, ата-аналармен жұмыстар және сахналық қойылымдар сәтті жүзеге асырылып, тәрбие үрдісінде ұлттық құндылықтарды қалыптастыру жұмыстары оң нәтиже бергенін атап өтті.

2. Екінші мәселе бойынша: «Кәсіби шеберлер» іскерлік ойыны аясында педагогтардың шеберлігін арттыруға бағытталған шаралар талқыланды:

-«Ұшқыр ойлы белсенді педагог» квест ойыны барысында тәрбиешілер педагогикалық жағдаяттардан шығу, логикалық тапсырмаларды шешу және топтық жұмыс бойынша өздерінің жедел әрі ұшқыр ойлау қабілеттерін көрсетті.

-«Музыкалық ринг» фестивалінде педагогтар мен балалардың шығармашылық, музыкалық-эстетикалық қабілеттері сынға түсіп, шара жоғары эмоционалды деңгейде өтті.

-«Жаңа формация педагогі» жәрмеңкесінде тәрбиешілер өздері дайындаған авторлық дидактикалық материалдарын, заманауи әдістемелік құралдарын көрмеге қойып, өзара тәжірибе алмасты.

3. Үшінші мәселе бойынша: Балабақша әдіскері: *Б.Б.Нуржанова* «Біртұтас тәрбие бағдарламасының түйінді идеясы» тақырыбында кеңес берді. Ол бағдарламаның басты идеясы-ұлттық мүдде, ар-ұят, талап сияқты құндылықтарды баланың бойына сіңіру арқылы оны кемел тұлға етіп тәрбиелеу екенін, оқу жылы бойы атқарылған жұмыстар осы мақсатқа бағытталғанын және алдағы уақытта да бұл бағыт басты назарда болатынын түсіндірді.

II. Педагогикалық кеңес шешімі:

1. №3 педагогикалық кеңестің шешімдері толық орындалды деп танылсын.
2. Педагогтардың біліктілігін арттыруға бағытталған «Кәсіби шеберлер» іскерлік ойыны және оның аясында өткен «Ұшқыр ойлы белсенді педагог» квест ойыны, «Музыкалық ринг» фестивалі, «Жаңа формация педагогі» жәрмеңкесі жоғары деңгейде өтті деп бағалансын. Белсенді педагогтар марапатталсын.
3. «Жаңа формация педагогі» жәрмеңкесінде ұсынылған үздік дидактикалық ойыншықтар мен әдістемелік құралдар келесі оқу жылында балабақшаның тәжірибесіне кеңінен енгізілсін.
4. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының түйінді идеясы» кеңесінің нұсқаулықтары негізге алынып, тәрбие үдерісін құндылықтарға негіздеу жұмыстары алдағы оқу жылының жоспарына басым бағыт ретінде енгізілсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы:



Г.К. Мухамбеткалиева

Хатшы:



К.Н.Имангалиева

№5 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өтікізілген күні: «29» мамыр 2025 жыл

Қатысқандар: 11 педагог

ТАҚЫРЫБЫ:

«2024-2025 оқу жылында жүргізілген тәрбие мен оқыту жұмыстарының қорытынды талдауы»

МАҚСАТЫ:

Мамандардың, тәрбиешілердің жыл бойына атқарған жұмыстарының есебін тыңдау, талдау. Тәрбие және оқыту жұмысының шешіміне баға беру, жетістіктер мен шешілмеген мәселелерді анықтау. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындықты пысықтау және келесі оқу жылының міндеттерін айқындау.

Күн тәртібінде:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы. *(Баяндамашы: Б.Б.Нуржанова)*
2. «Біздің жетістіктеріміз туралы» оқу жылындағы педагогтар мен балабақшаның қол жеткізген табыстарына шолу. *(Баяндамашы: Меңгеруші Г.К.Мухамбеткалиева)*
3. «Диагностика нәтижелерін қолдана отырып, балалардың бір жылдағы жетістіктері туралы» қорытынды есеп. *(Баяндамашы: Әдіскер Б.Б.Нуржанова / Топ тәрбиешілері: Т.С.Жуматова, Г.Н.Губайдоллина, М.Е.Елдібаева)*
4. «Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі тәрбие мен тәрбие үдерісіне өзіндік талдау» (жетістіктер мен шешілмеген мәселелер). *(Баяндамашы: Әдіскер: Б.Б.Нуржанова)*
5. «Сиқырлы чемодан іздеуде» педагогтерге арналған психологиялық тренинг. *(Баяндамашы: Педагог-психолог К.Н.Имангалиева)*
6. «Жаз, сәлем!» жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын, оқу кестесін, күн тәртібін бекіту. *(Баяндамашы: Әдіскер: Б.Б.Нуржанова)*
7. 2025-2026 оқу жылында аттестатталатын педагог қызметкерлерінің тізімін бекіту. *(Баяндамашы: Меңгеруші: Г.К.Мухамбеткалиева)*

I. Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша: Педкеңес хатшысы сөз алып, №4 педагогикалық кеңестің шешімдері («Кәсіби шеберлер» іскерлік ойыны, квест, жәрмеңке және «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша ұсыныстар) толық көлемде орындалғанын баяндады. Педагогтардың дидактикалық материалдары топтық жұмыстарда белсенді қолданылып жатыр.

2. Екінші мәселе бойынша: Балабақша меңгерушісі: *Г.К.Мухамбеткалиева* «Біздің жетістіктеріміз туралы» баяндама жасап, 2024-2025 оқу жылында мекеме қызметкерлері мен тәрбиеленушілердің аудандық, қалалық, республикалық байқаулар мен спорттық жарыстарда алған жүлделі орындарына тоқталып, ұжым жұмысына жоғары баға берді.

3. Үшінші мәселе бойынша: Әдіскер диагностиканың (бастапқы, аралық, қорытынды) нәтижелерін саралады. Балалардың машықтар мен дағдыларды (денсаулық, қарым-қатынас, таным, шығармашылық, әлеуметтік дағдылар) меңгеру деңгейі жыл соңында айтарлықтай өскені, қорытынды диагностика көрсеткіштері балалардың мектепке және келесі жас тобына дайын екендігін дәлелдегені айтылды.

4. Төртінші мәселе бойынша: Тәрбие мен тәрбие үдерісіне өзіндік талдау (самоанализ) жасалды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізудегі сәтті қадамдар аталды. Сонымен қатар шешілмеген мәселелер ретінде-кейбір топтарда ата-аналардың іс-шараларға қатысу белсенділігін әлі де арттыру қажеттігі және заманауи ИКТ құралдарын қолдануды дамыту керектігі ортаға салынды.

5. Бесінші мәселе бойынша: Педагог-психолог: *К.Н.Иманғалиева* педагогтардың оқу жылы соңындағы эмоционалдық шаршауын басу және ұжымдық ауызбіршілікті нығайту мақсатында «**Сиқырлы чемодан іздеуде**» атты психологиялық тренинг өткізді. Педагогтар тренингке белсенді қатысып, сергіп қалды.

6. Алтыншы, жетінші және сегізінші мәселелер бойынша: Жазғы кезеңге арналған «**Жаз, сәлем!**» жұмыс жоспары, икемделген күн тәртібі мен балаларды сауықтыру-шынықтыру шараларының кестесі қаралды.

-Меңгеруші:*Г.К.Мухамбеткалиева* келесі 2025-2026 оқу жылында кезекті және мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімін оқып, мақұлдауға ұсынды.

-Әдіскер оқу жылы бойы жүргізілген эксперименттік алаң жұмысының нәтижелі болғанын, қойылған гипотезалар мен міндеттердің орындалғаны туралы қорытынды есеп берді.

II. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ:

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімдері толық орындалды деп есептелсін.
2. 2024-2025 оқу жылындағы балабақшаның тәрбие-білім беру жұмысының қорытындысы мен қол жеткізген жетістіктері «жоғары деңгейде» деп бағалансын.
3. Қорытынды диагностика нәтижелері бекітілсін. Мектеп алды топтарының балалары мектепке дайын деп танылсын. Талдау барысында анықталған кемшіліктерді жою (ата-аналармен жұмыс, ИКТ) келесі оқу жылының жоспарына міндет ретінде енгізілсін.
4. Психологтың ұйымдастырған «Сиқырлы чемодан іздеуде» тренингі мақұлданын, педагогтардың эмоционалдық тұрақтылығын қолдау жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
5. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған «**Жаз, сәлем!**» жұмыс жоспары, оқу-тәрбие кестесі және күн тәртібі бекітілсін. 1 маусымнан бастап жазғы күн тәртібіне көшу қамтамасыз етілсін.
6. 2025-2026 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагог қызметкерлердің бекітілген тізімі мақұлданын және оларға әдістемелік көмек ұйымдастырылсын.
7. 2024-2025 оқу жылындағы эксперименттік алаң жұмысының қорытынды есебі бекітілсін, жинақталған іс-тәжірибе материалдары баспаға және таратуға ұсынылсын.

(Педагогикалық кеңес мүшелері шешім жобасын дауысқа салып, бірауыздан мақұлдады және толықтыруларсыз бекітті).

Педагогикалық кеңес төрағасы:



Г.К. Мухамбеткалиева

Хатшы:



К.Н.Имангалиева